

АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ

I. Кіріспе бөлік.

1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы: Жаңақала ауданының Аумақты дамыту бағдарламасының іске асырылуын бағалау, сондай-ақ бюджеттен бөлінген қаржының және мемлекет активтерінің пайдаланылуына мемлекеттік аудит.

1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты: Жаңақала ауданының Аумақты дамыту бағдарламасының 2019-2020 жылдары іске асырылуын бағалау және аудит объектілері қызметінің тиімділігіне, бөлінген бюджет қаржысын пайдалану барысында Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын сақтауына мемлекеттік аудит.

1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері: «Жаңақала аудандық экономика және қаржы бөлімі» ММ-і, «Жаңақала аудандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» ММ-і, «Жаңақала аудандық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ-і, «Жаңақала аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ-і, «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Жаңақала ауданының білім беру бөлімі» ММ-де мемлекеттік аудит, сондай-ақ «Жаңақала ауданы білім беру бөлімінің «Жаңақала балалар бөбекжайы» МКҚК-да, «Жеткіншек» бөбекжайы» МКҚК-да, «Алтын сақа» бөбекжайы» МКҚК-да, «Көпжасар» бөбекжайы» МКҚК-да үстеме тексерулер жүргізілді.

1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: 2019 жылдың 1 қаңтары - 2021 жылдың 30 маусым аралығы; «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Жаңақала ауданының білім беру бөлімі» ММ-і және үстеме тексеру объектілерінде 2019 жылдың 1 қаңтары - 2020 жылдың 31 желтоқсан аралығы.

II. Негізгі (талдамалық) бөлік.

2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау:

Жаңақала ауданы 1930 жылы құрылған, Батыс-Қазақстан облысының оңтүстік бөлігінде орналасқан. Аудан аумағы 20,8 мың шаршы шақырым немесе облыс аумағының 13,75%-ын құрайды. Халқының саны 24,3 мың адамды немесе облыс халқының 4,1%-ын құрайды.

Жаңақала ауданы Батыс Қазақстан облысының Ақжайық, Казталов, Бөкейорда аудандары мен және Атырау облысының Индер ауданымен шектеседі. Әкімшілік орталығы - Жаңақала ауылы, халық саны 8046 адам. Ауданда 9 ауылдық округ және 27 ауылдық елді - мекен бар. Негізгі бағыты - мал шаруашылығы. Ауданда Еділбай тұқымды қой, Көшім тұқымды жылқы, қазақтың ақбас тұқымды сиыры және бактриан тұқымды түйесі өсіріледі.

Ауданның негізгі мәселелерінің кешенді сипаттамасы: ауыл шаруашылығы мақсатында пайдалануға жарамды су көздерінің болмауы, жайлымдардың нашар сулануы; ауыл шаруашылығы өндірісін дамытуды инвестициялайтын қаржы институттары санының жеткіліксіздігі; жергілікті маңызды жолдардың қанағаттанарлықсыз жағдайы; білім беру, мәдениет,

спорт, денсаулық сақтау объектілерін пайдалану мерзімінің өтуіне байланысты ғимараттардың тозуы; жеке тұрғын үй құрылысын дамыту үшін инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымның нашар дамуы; қаржыландырудың жеткіліксіздігі салдарынан жалға берілетін тұрғын үй құрылысының нашар дамуы; өңірдің суармалы жерлерін сумен қамтамасыз етудің төмен мүмкіндігі; ҚТҚ полигондары мен ауылдық үйінділерінің көпшілігінің санитариялық және экологиялық нормаларға сәйкес келмеуі; ауылда дәрігер кадрлар тапшылығы; ауылдық елді мекендердің өңірлік стандарттарына сәйкес келмеуі; халықтың нысаналы топтарындағы адамдарды мемлекеттік және салалық бағдарламалар шеңберінде іске асырылатын жобаларға жұмысқа орналастыру қамтамасыз ету төмендігі.

Аудит жүргізілген мемлекеттік мекемелер, өз құзыреті шегінде өздерінің бекітілген ережелері шеңберінде тиісті салаларда басшылықты жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары болып табылады. Өз қызметтерін Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, аудан әкімдігінің қаулыларына, аудан әкімінің шешімдері мен өкімдеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, мекемелер туралы ережелеріне сәйкес жүзеге асырады. Мемлекеттік мекемелер ретінде ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлғалар болып табылады, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында есеп шоттары ашылған.

«Жаңақала аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі қаржы саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты жүзеге асыратын мемлекеттік мекеме (мемлекеттік орган) болып табылады.

Бөлімнің Ережесі Жаңақала ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 10 сәуірдегі №107 қаулысымен бекітілген (аудан әкімдігінің 2019 жылғы 29 мамырдағы №61 қаулысымен өзгеріс пен толықтыру енгізілген).

Бөлімнің миссиясы: қаржы саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты жүзеге асыру, аудандық бюджеттің орындалуын қадағалау.

«Жаңақала аудандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі Жаңақала ауданында сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының атқарушы органы болып табылады.

Бөлімнің Ережесі Жаңақала ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 10 сәуірдегі №105 қаулысымен бекітілген.

Бөлімнің миссиясы: Жаңақала ауданының сәулеттік, қала құрылыстық және құрылыс ісіндегі аумақтың тұрақты дамуын, азаматтардың тіршілік етуіне қолайлы жағдай жасау.

«Жаңақала аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі жергілікті атқарушы органның және аудан әкімінің қызметін қамтамасыз ететін, коммуналдық шаруашылық, автомобиль жолдары және азаматтарды тасымалдау аясындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік мекемесі болып табылады.

Бөлімнің Ережесі Жаңақала ауданы әкімдігінің 2006 жылғы 10 сәуірдегі №106 қаулысымен бекітілген.

Бөлімнің миссиясы: аудан аумағында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары салаларындағы мемлекеттің саясатын жүзеге асыру.

«Жаңақала аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру мен спорт саласында (ларында) басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік мекемесі болып табылады.

Бөлімнің Ережесі Жаңақала ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 6 сәуірдегі №90 қаулысымен бекітілген.

Бөлімнің миссиясы: мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру мен спорт саласында мемлекет саясатын жүзеге асыру.

«Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Жаңақала ауданының білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесі білім беру саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

Бөлімнің Ережесі Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының 2021 жылғы 6 қаңтардағы №6 бұйрығымен бекітілген.

Бөлімнің миссиясы: азаматтардың сапалы білім алуға конституциялық құқығын, білім беру қызметтерінің қол жетімділігін қамтамасыз ету, қоғамның және мемлекеттің білімді мамандарға деген қажеттіліктерін қанағаттандыру.

Үстеме тексерулер жүргізілген мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорындар (бөбекжайлар) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындар болып табылады. Аудиторлық қорытынды осы аудиторлық іс-шара шеңберінде жүргізілген және жасалған аудиторлық есептердің сапасын бақылау нәтижелері ескеріле отырып жасалды.

2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері:

Мемлекеттік аудит нәтижесінде 9 аудит объектілерімен (соның ішінде 4 үстеме тексеру) 678 004,6 мың теңгеге бюджет және қолданыстағы басқа да заңнамалардың нормалары сақталмаған, оның ішінде: қаржылық бұзушылықтар 671 142,4 мың теңге, бюджет қаражатын тиімсіз пайдалану – 6 862,2 мың теңге. Рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар мен кемшіліктер саны 19 бірлікті құрады.

Анықталған қаржылық бұзушылықтардың 60 342,9 мың теңгесі бюджетке өтелуге және 610 799,5 мың теңгесі есеп бойынша қалпына келтіруге жатады. Қазіргі кезде 14 687,5 мың теңге бюджеттің кіріс бөлігіне өтелді, 610 799,5 мың теңге есеп бойынша қалпына келтірілді.

«Жаңақала аудандық экономика және қаржы бөлімі» ММ-сі.

Аудит нәтижесінде бюджет және қолданыстағы басқа да заңнамалардың нормалары сақталмаған, 8 бірлік рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталды.

1-тармақ. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы №790 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы

мемлекеттік жоспарлау жүйесінің 174 тармағы, 2)-тармақшасы бұзылып, ауданның мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органы Жаңақала ауданының АДБ іске асыру туралы 2019 жылғы есепті веб-порталда мерзімін бұза отырып, есепті жылдан кейінгі жылдың 15 ақпанынан кешіктіріп, яғни Жаңақала ауданы әкімдігінің ресми интернет-ресурсында 2020 жылғы 20 сәуірде орналастырған.

2-тармақ. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 19 ақпандағы №64 бұйрығымен бекітілген 3 қосымшасы Қазақстан Республикасының Стратегиялық даму жоспарына, мемлекеттік бағдарламаларға, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларына және аумақтарды дамыту бағдарламаларына мониторинг жүргізу жөніндегі Әдістеменің Салалар, аялар және өңірлер бөлінісінде түйінді ұлттық индикаторлардың орындалуы жөніндегі ақпарат нысанына Іске асыру туралы есептің (мемлекеттік бағдарламаны, аумақты дамыту бағдарламасын) нысанының 9 тармағы бұзылып, ауданның мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органы Жаңақала ауданының 2020 жылғы АДБ іске асырылуы туралы есебін талдамалық жазбахатсыз Жаңақала ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырған.

3-тармақ. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы №790 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің 174 тармағы, 2)-тармақшасы бұзылып, сонымен қатар Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 19 ақпандағы №64 бұйрығымен бекітілген 3 қосымшасы Қазақстан Республикасының Стратегиялық даму жоспарына, мемлекеттік бағдарламаларға, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларына және аумақтарды дамыту бағдарламаларына мониторинг жүргізу жөніндегі Әдістеменің 44-тармағы бұзылып, Жаңақала ауданының 2019 жылғы, сондай-ақ 2020 жылғы АДБ іске асырылуы туралы есебі ауданның мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның бірінші басшысының және Жаңақала ауданы әкімінің қол қоюынсыз Жаңақала ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылған.

4-тармақ. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 19 ақпандағы №64 бұйрығымен бекітілген 3 қосымшасы Қазақстан Республикасының Стратегиялық даму жоспарына, мемлекеттік бағдарламаларға, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларына және аумақтарды дамыту бағдарламаларына мониторинг жүргізу жөніндегі Әдістеменің 2 қосымшасы (Аумақты дамыту бағдарламасын іске асыру туралы есеп нысаны) бұзылып, 2019 жылғы және 2020 жылғы есептердегі «Жауапты орындаушылар» деген 6-бағанында аумақты дамыту бағдарламасының мақсаттарына, нысаналы индикаторлары мен жоспарланған іс-шараларына қол жеткізуге жауапты Жаңақала ауданы әкімінің орынбасарлары деңгейіндегі лауазымды тұлғалар қосымша көрсетілмеген.

Ауданда 9 ауылдық округ бар, олардың әрқайсысын «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 Заңына сәйкес тиісті әкімдер басқарады.

Осы Заңның 35-бабына сәйкес, ауыл, ауылдық округ, кент әкімдерінің бірқатар құзыреттері айқындалған, ал оларды іске асыру елді мекеннің әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етуді және тиісінше азаматтардың ауылдық жерлерде тұруы үшін жағдайларды жақсартуды көздейді.

Алайда, аумақты дамыту бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында (Жаңақала ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 14 қаңтардағы №4 қаулысымен бекітілген) Жаңақала ауданының дамуын көрсететін нысаналы индикаторларға қол жеткізу үшін аумақты дамыту бағдарламасын бірлесіп орындаушы ретінде Жаңақала ауданының ауылдық округтер әкімдерінің жауапкершілігін бекіту қамтамасыз етілмеген (мысалы мынадай индикаторлар бойынша: «тіркелген шағын және орта кәсіпкерліктің әрекеттегі субъектілерінің саны»; «жұмыссыздық деңгейі»; «жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарының үлесі» және т.б.).

5-тармақ. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы №790 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің 4-тармағы 5)-тармақшасы сақталмай, Жаңақала ауданының дамуын көрсететін аумақты дамыту бағдарламасының мақсаттарына қол жеткізу үшін аумақты дамыту бағдарламасын бірлесіп орындаушы ретінде АДБ іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында Жаңақала ауданының ауылдық округтер әкімдері тиісті индикаторлардың орындалуына жауапты орындаушы ретінде бекітілмеген.

6-тармақ. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы №790 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің 1)-тармақшасы 174-тармағы бұзылып, мемлекеттік органдар-бірлесіп орындаушылар: «Жаңақала аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ-сі (03.02.2020ж. №2-04/55 шығыс хатпен), «Жаңақала аудандық білім беру бөлімі» ММ-сі (07.02.2020ж. №1.1-12/136 шығыс хатпен), «Жаңақала аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ-сі (14.02.2020ж. №1-21/117 шығыс хатпен), «Жаңақала аудандық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ-сі (14.02.2020ж. №1-23/61 шығыс хатпен) 2019 жылдың қорытындысы бойынша АДБ іске асыру туралы ресми ақпаратты ауданның мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органы - «Жаңақала аудандық экономика және қаржы бөлімі» ММ-не кешіктіріп ұсынған.

Осындай жағдай 2021 жылы да орын алды, атап айтсақ: «Жаңақала аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ-сі (05.02.2021ж. №4-02/36 шығыс хатпен), «Жаңақала аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ-сі (09.02.2021ж. №1.1-21/136 шығыс хатпен), «Жаңақала аудандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» ММ-сі (11.02.2021ж. №01-25/23 шығыс хатпен), «Жаңақала аудандық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ-сі (11.02.2021ж. №1-23/10 шығыс хатпен), «Жаңақала аудандық кәсіпкерлер және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ-сі (17.02.2021ж. №1.1-16/54 шығыс хатпен) 2020 жылдың қорытындысы бойынша АДБ іске

асыру туралы ресми ақпаратты ауданның мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органы - «Жаңақала аудандық экономика және қаржы бөлімі» ММ-не кешіктіріп ұсынған. Бұл фактілер жоғарыда көрсетілген мемлекеттік органдардың АДБ-ны іске асыруға формалдық қатынасын растайды, бұл бұзушылық жылма жыл қайталануда.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы №790 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің 157 тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасының Стратегиялық даму жоспарына, мемлекеттік бағдарламаларға, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларына, аумақтарды дамыту бағдарламаларына жүргізілген мониторинг нәтижелерінің анықтығы мен толықтығы үшін жауапкершілік әзірлеуші мемлекеттік органдарға және осы Мемлекеттік жоспарлау жүйесі айқындаған тиісті уәкілетті мемлекеттік органдарға жүктеледі. Бірлесіп орындаушы мемлекеттік органдар Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын мониторингілеу процесінде пайдалану үшін өз құзыреті шегінде Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын әзірлеуші мемлекеттік органдарға берілетін ақпараттың толықтығына, сапасына және анықтығына жауапты болады. Сонымен қатар осы қаулының 45 тармағына сәйкес, ауданды (облыстық маңызы бар қаланы) дамыту бағдарламасын іске асыруды мониторингілеуді тиісті аумақтың бірлесіп орындаушы мемлекеттік органдарымен бірлесіп, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органдары жүргізеді.

«Жаңақала аудандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» ММ-сі АДБ орындалуы туралы 2019 жылғы есебі бойынша (2020 жылғы 27 қантардағы №01-25/16 шығыс хатпен ұсынылған) «Халықтың орталықтандырылған сумен қамтылуы» нысаналы индикатор жоспары 91%, нақтысы 81,8%, индикатор орындалмаған деп көрсетілді. Орындалмау себебі Қызылоба, Қырқопа ауылындағы су құбырын жаңартуға бюджеттен қаржы қарастырылмауына байланысты. Сонымен қатар «Орталықтандырылған суға қосылған ауылдық елді мекендердің саны» нысаналы индикатор жоспары 12 бірлік, нақтысы 12 бірлік, индикатор орындалды деп көрсетілді. 12 ауылдық елді мекендер орталық сумен қамтылған: Жаңақала, Жаңақазан, Жаңажол, Маштексай, Мұқыр, Сарыкөл, Жуалыой, Көпжасар, Пятимар, Бірлік, Қырқопа, Қызылоба ауылдары. Алайда, «Жаңақала аудандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» ММ-сі облыстық құрылыс басқармасы басшысының атына 2020 жылғы 10 ақпан күні №01-25/32 хат жолдап, Қызылоба және Қырқопа ауылдарына орталықтандырылған су құбырын тарту мақсатында қаржы бөлуге ықпал етуін сұрайды. Сонымен қатар, жоғарыда аталған екі ауыл тұрғындарымен жиналыс өткізіліп, хаттама толтырылған. Хаттамада ауыл халқы су құбырын тартып, ауылға орталықтандырылған су қосып беруін сұраған. Бұл ретте, жүргізілген аудитпен 2019 жылы «Орталықтандырылған суға қосылған ауылдық елді мекендердің саны» нысаналы индикатор жоспары 12 болса, нақтысы 10 болып, индикатор орындалмағаны анықталып отыр.

«Жаңақала аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ-сі АДБ орындалуы туралы 2019 жылғы есебі бойынша

(14.02.2020ж. №1-21/117 шығыс хатпен ұсынылған) «Өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың жалпы санынан нәтижесіз жұмыспен қамтылғандар үлесі» нысаналы индикатор жоспары 10%, нақтысы 9,8%, индикатор орындалды деп көрсетілді. Алайда, ресми статистикалық мәліметтер бойынша 2019 жылы өзін-өзі жұмыспен қамтылғандар саны 7115, соның ішінде нәтижесіз жұмыспен қамтылғандар 820 адам немесе 11,5% құрады. Бұл ретте, жүргізілген аудитпен 2019 жылы «Өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың жалпы санынан нәтижесіз жұмыспен қамтылғандар үлесі» нысаналы индикатор жоспары 10% болса, нақтысы 11,5% болып, индикатор орындалмағаны анықталып отыр.

Бағдарламаның орындалуы туралы 2019 жылғы есебі бойынша «10000 тұрғынға шаққандағы қылмыстың деңгейі» нысаналы индикатор жоспары 77,0%, нақтысы 68,7%, индикатор орындалды деп көрсетілді. Алайда, «ҚР БҚО полиция департаменті Жаңақала ауданының полиция бөлімі» ММ-сі 10.01.2020ж.№31/16 шығыс хатпен ұсынған статистикалық көрсеткіштер бойынша 2019 жылы тіркелген қылмыс саны аудан бойынша 195 бірлік құрады. Яғни «10000 тұрғынға шаққандағы қылмыстың деңгейі» нысаналы индикатор жоспары 77,0% болса, нақтысы 81,2% құрады ($195/24003 \cdot 10000$). Аталған индикатордың өлшем бірлігі пайызбен емес сан ретінде көрсетілуі тиіс деп санаймыз. Бұл ретте, жүргізілген аудитпен 2019 жылы «10000 тұрғынға шаққандағы қылмыстың деңгейі» нысаналы индикатор орындалмағаны анықталып отыр.

Жоғарыда көрсетілген фактілер жоспарланған нысаналы индикаторлардың орындалмауын және орындауға жауапты орган ұсынған мәліметтердің анық және шынайы еместігін куәландырады. Ал, өз кезегінде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган - «Жаңақала аудандық экономика және қаржы бөлімі» ММ-сі ауданды дамыту бағдарламасын іске асыруды мониторингілеу кезінде нәтижелердің анықтығы мен толықтығын қамтамасыз етпеген.

7-тармақ. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы №790 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің 157-тармағы бұзылып, «Жаңақала аудандық экономика және қаржы бөлімі» ММ-сі 2019 жылы ауданды дамыту бағдарламасын іске асыруды мониторингілеу кезінде мониторинг нәтижелерінің анықтығы мен толықтығын, ал мемлекеттік орган-бірлесіп орындаушылар «Жаңақала аудандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» ММ-сі, өз құзыреті шегінде 2020 жылғы 27 қаңтардағы №01-25/16 шығыс хатпен ұсынған және «Жаңақала аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ-сі 14.02.2020ж. №1-21/117 шығыс хатпен ұсынған АДБ 2019 жылғы іске асыру туралы ресми ақпараттың анықтығын (шынайлығын) қамтамасыз етпеген. Сонымен қатар АДБ орындалуы туралы 2019 жылғы есебіндегі «10000 тұрғынға шаққандағы қылмыстың деңгейі» нысаналы индикатордың анықтығы мен шынайлығы қамтамасыз етілмеді.

2016-2020 жылдарға арналған Жаңақала ауданының Аумақтық дамыту бағдарламасы Жаңақала аудандық мәслихат сессиясының 2016 жылғы 19 сәуірдегі №2-2 шешімімен бекітілген. Оған Жаңақала аудандық мәслихаттың 2018 жылғы 29 желтоқсандағы №30-2 («Батыс Қазақстан облысының

экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» ММ-н 2018 жылғы 11 желтоқсандағы №5852 хаты негізінде) және аудит кезеңінде 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №41-2, 2020 жылғы 24 желтоқсандағы №57-2 шешімдерімен өзгерістер енгізілген.

2019 жылы Ауданды дамыту Бағдарламасында 5 бағыт, 12 мақсат және 31 нысаналы индикатор қарастырылған (4 индикатор нөлдік көрсеткішпен жоспарланған және 1 индикатор бойынша статистикалық мәліметтер жарияланған жоқ). Бағдарламаны жүзеге асыру туралы есепке сәйкес, 2019 жылдың қорытындысы бойынша 18 индикатор орындалған және 8 индикатор орындалмаған, 21 іс-шара орындалған.

2020 жылы Ауданды дамыту Бағдарламасында 5 бағыт, 12 мақсат және 31 нысаналы индикатор қарастырылған (4 индикатор нөлдік көрсеткішпен жоспарланған және 1 индикатор бойынша статистикалық мәліметтер жарияланған жоқ). Бағдарламаны жүзеге асыру туралы есепке сәйкес, 2020 жылдың қорытындысы бойынша 17 индикатор орындалған және 9 индикатор орындалмаған, 26 іс-шара орындалған.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы №790 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің 4-тармағы 3)-тармақшасына сәйкес, мемлекеттік жоспарлау жүйесі мынадай қағидатқа негізделеді: нәтижелілік және тиімділік - мақсаттарды, міндеттерді және нәтижелер көрсеткіштерін таңдау барынша дұрыс (нәтижелі) болуға, ағымдағы ахуалды терең талдауға және қойылған нәтижелерге ресурстарды барынша аз жұмсай отырып қол жеткізу қажеттігіне негізделуі тиіс.

8-тармақ. Жаңақала ауданының әкімдігімен Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы №790 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің 4-тармағы 3)-тармақшасында көзделген нәтижелілік және тиімділік қағидаттары сақталмаған, нәтижесінде (аудит қорытындысы көрсеткендей) 2019 жылдың қорытындысы бойынша 7 мақсатқа қол жеткізілмеді, 12 нысаналы индикаторлар орындалмады, ал 2020 жылдың қорытындысы бойынша 5 мақсатқа қол жеткізілмеді, 9 нысаналы индикаторлар орындалмады.

«Жаңақала аудандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» ММ-сі.

Аудит нәтижесінде 38 917,9 мың теңгеге бюджет және қолданыстағы басқа да заңнамалардың нормалары сақталмаған, оның ішінде: қаржылық бұзушылықтар 34 514,8 мың теңге, бюджет қаражатын тиімсіз пайдалану – 4 403,1 мың теңге. Рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар саны 2 бірлікті құрады.

Анықталған қаржылық бұзушылықтардың 133,0 мың теңгесі бюджетке өтелуге және 34 381,8 мың теңгесі есеп бойынша қалпына келтіруге жатады. Қазіргі кезде 48,0 мың теңге бюджеттің кіріс бөлігіне өтелді, 34 381,8 мың теңге есеп бойынша қалпына келтірілді.

Жаңақала ауданын Аумақты дамыту бағдарламасында 2019 жылы «Орталықтандырылған суға қосылған ауылдық елді мекендердің саны» нысаналы индикаторы жоспар бойынша 12, нақтысы – 12. Бағдарламасының

орындалуы туралы есепке сәйкес индикатор орындалған. Бұл 12 елді мекендердің ішінде Қызылоба және Қырқопа ауылдары да кіреді.

Алайда, Бөлім облыстық құрылыс басқармасы басшысының атына 2020 жылғы 10 ақпан күні №01-25/32 хат жолдап, Қызылоба және Қырқопа ауылдарына орталықтандырылған су құбырын тарту мақсатында қаржы бөлуге ықпал етуін сұрайды. Сонымен қатар, жоғарыда аталған екі ауыл тұрғындарымен жиналыс өткізіліп, хаттама толтырылған. Хаттамада ауыл халқы су құбырым тартып, ауылды орталықтандырылған су қосып беруін сұраған. Бұл ретте, «Орталықтандырылған суға қосылған ауылдық елді мекендердің саны» нысаналы индикаторы, жоспар 12 болса, нақтысы – 10 болып, индикатор орындалмаған.

9-тармақ. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы №790 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің 157-тармағы бұзылып, мемлекеттік орган-бірлесіп орындаушы «Жаңақала аудандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» ММ-сі, өз құзыреті шегінде ұсынған аумақты дамыту бағдарламасын 2019 жылғы іске асыру туралы ресми ақпараттың анықтығын (шынайлығын) қамтамасыз етпеді.

10-тармақ. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 тамыздағы №1127 Қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне сыйлық беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемеақылар белгілеу ережесінің» 4 тармағы 1) тармақшасы бұзылып, алынбаған тәртіптік жазасы бола тұра бас маман Н.Шарафутдиновке 48,0 мың теңге көлемінде сыйақы берілген.

Аудит барысында 2411 «Аяқталмаған құрылыс» шотында «Жаңақала ауданы Мәстексай ауылында 150 орындық мәдениет үйін салу» жобасына ЖСҚ жасатуға жұмсалған 2 744,8 мың теңгенің және осы жобаға кешенді ведомстводан тыс сараптама жасатуға жұмсалған 1 658,3 мың теңге тұрғандығы анықталды. Кешенді ведомстводан тыс сараптамасы 2018 жылдың маусым айында бекітіліп, 2021 жылдың маусым айында 3 жыл толып кеткен, алайда құрылыс жұмыстары бүгінгі күнге дейін басталмаған.

Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 16 шілдедегі «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» №242 Заңы 60 бабының 7 тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілгеннен кейін үш және одан да көп жыл ішінде құрылысы басталмаған жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасы ескірген болып есептеледі және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен түзетілгеннен, қайтадан сараптама жүргізілгеннен және қайта бекітілгеннен кейін іске асыру үшін пайдаланылады.

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілгеннен кейін үш және одан да көп жыл ішінде жобалау-сметалық құжаттамасы әзірленбеген және бекітілмеген жобалау алдындағы құжаттама ескірген болып есептеледі және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен түзетілгеннен, қайтадан сараптама жүргізілгеннен және қайта бекітілгеннен кейін іске асыру үшін пайдаланылады. Бұл ретте ЖСҚ-ны

түзетуге және қайтадан сараптама жүргізуге қосымша бюджет қаражатын талап етеді.

Бұл ретте, осы жобаны жүзеге асыруға 2019-2020 жылдары бюджеттен қаржы сұратылғанымен, қаржы бөлінбеген, тек 2021 жылы сәуір айында республикалық бюджеттен 171 000,0 мың теңге бөлінген, мемлекеттік сатып алу рәсімдері жүргізілген. Алайда, тамыз айында республикалық бюджеттік комиссиясының шешіміне сәйкес, осы қаржы кері алынған. Бүгінгі күні аудандық бюджеттен 2 400,0 мың теңге бөлініп, аталған жобалық-сметалық құжаттамаға түзету (корректировка) жасатылып, облыстық бюджеттік комиссиясының қарауына 271 609,0 мың теңгеге бюджеттік өтінім жолданған.

11-тармақ. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Бюджет кодексінің 4 бабының 12) тармақшасында көзделген тиімділік принципі сақталмаған, бұл ретте 4 403,1 мың теңгені құрайтын бюджет қаржысы тиімсіз пайдаланылған.

2019 жылы 058 «Елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту» бюджеттік бағдарламасы бойынша «Казэкология жобалау» ЖШС-мен келісімшарт жасасып, «Кіші Айдархан ауылына су құбырын тарту жұмысына ЖСҚ жасақтау» нысанына құны 892,8 мың теңгені құрайтын ЖСҚ жасалған; 037 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту объектілерін салу және реконструкциялау» бюджеттік бағдарламасы бойынша «STROYCONSALTING» ЖШС-мен келісімшарт жасасып, «Жаңақала ауылында балаларға арналған 50 орындық сауықтыру лагерін салуға ЖСҚ жасақтау» нысанына құны 4 000,0 мың теңгені құрайтын ЖСҚ жасалған. Бұл ретте, 2019 жылы жалпы құны 4 892,8 мың теңгені құрайтын жоғарыда аталған шығындар 2411 «Аяқталмаған құрылыс» шотының орнына 7140 «Өзге операциялық шығыстар» шотына жазылған.

2020 жылы 058 «Елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту» бюджеттік бағдарламасы бойынша «АктАсСтройинжиниринг» ЖШС-мен келісімшарт жасасып, «Кіші Айдархан ауылына су құбырын тарту жұмысына ЖСҚ жасақтау» нысанына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізуге 625,0 мың теңге жұмсалған; «Жаңақала ауданы Қырқопа, Ақбалшық, Пятимар, Бірлік, Айтпай, Қызылоба және Жангелді ауылдарына су құбыры жүйесінің құрылысы нысанының ЖСҚ-н, инженерлік-геологиялық және топографиялық-геодезиялық түсірілімдерін жасау» нысанына 4 000,0 мың теңге жұмсалған; «Жаңақала ауданы Қырқопа, Ақбалшық, Пятимар, Бірлік, Айтпай, Қызылоба және Жангелді ауылдарына су құбыры жүйесінің құрылысы нысанының ЖСҚ-н, инженерлік-геологиялық және топографиялық-геодезиялық түсірілімдерін жасау» нысанына 21 464,0 мың теңге жұмсалған; 004 «Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру» бюджеттік бағдарламасы бойынша «Жаңақала ауданы, Жаңақала ауылындағы Жаңақала жалпы орта білім беретін №3 қазақ мектебіне 200 орындық жапсаржай салу» нысанына құны 3 400,0 мың теңгені құрайтын ЖСҚ жасалған. Бұл ретте, 2020 жылы жалпы құны 29 489,0 мың теңгені құрайтын жоғарыда аталған шығындар 2411 «Аяқталмаған құрылыс» шотының орнына 7140 «Өзге операциялық шығыстар» шотына жазылған.

12-тармақ. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының» 142 және 272 тармақтары бұзылып, барлығы 34 381,8 мың теңге 2411 «Аяқталмаған құрылыс» шотының орнына 7140 «Өзге операциялық шығыстар» шотына жазылған. Бұл өз кезегінде 2019 жылдан бастап 2021 жылдың 1 шілдесіне дейінгі қаржылық есептіліктің бұрмалануына әкелді. Аталған бұзушылық аудит барысында бухгалтерлік анықтама арқылы қалпына келтірілді.

13-тармақ. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12 бабы 4 тармағы 3) тармақшасы бұзылып, Бөлім 2021 жылғы 3 наурыздағы №30 мемлекеттік сатып алу туралы шартта көзделген міндеттемелерді тиісті түрде орындамағаны үшін «STROYCONSALTING» ЖШС-ін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талаппен сотқа жүгінбеген.

14-тармақ. «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 43 бабы 24 тармағы, Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-XIII Азаматтық Кодексінің 298 бабы, сондай-ақ 2021 жылғы 03 наурыздағы келісімшарттың 7.3 тармағы бұзылып, «STROYCONSALTING» ЖШС-нен 85,0 мың теңге өсімпұл өндірілмеген.

«Жаңақала аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ-сі.

Аудит нәтижесінде 3 210,4 мың теңгеге бюджет және қолданыстағы басқа да заңнамалардың нормалары сақталмаған, оның ішінде: қаржылық бұзушылықтар 751,3 мың теңге, бюджет қаражатын тиімсіз пайдалану – 2 459,1 мың теңге. Рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар мен кемшіліктер саны 2 бірлікті құрады.

Анықталған қаржылық бұзушылықтардың 751,3 мың теңгесі бюджетке өтелуге жатады. Қазіргі кезде 329,2 мың теңге бюджеттің кіріс бөлігіне өтелді.

15-тармақ. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 30 қазандағы № 687 қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық айлықақы белгілеуге құқық беретін жұмыс өтілін есептеу қағидаларының» 2 тармағы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ Еңбек Кодексінің 103 бабының 1 тармағы бұзылып, жекелеген мемлекеттік қызметшілердің еңбегіне ақы төлеудің бірыңғай жүйесі негізінде белгіленетін мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық айлықақыларын есептеу коэффициенттерін қате пайдалану салдарынан мемлекеттік қызметшілерге 193,9 мың теңге көлемінде артық еңбек ақы төленген. Аудит барысында аталған сома жергілікті бюджеттің кіріс бөлігіне өтелді.

Аудит барысында 2411 «Аяқталмаған құрылыс» шотында «Жаңақала ауданы Жаңақала ауылының Д.Нұрпейсова көшесінен С.Бабажанов көшесінің қиылысына дейінгі, Жеңістің 30 жылдығы көшесінен С.Бабажанов көшесінің қиылысына дейінгі тротуар құрылысы» жобасына ЖСК жасатуға жұмсалған 1 400,0 мың теңгенің және осы жобаға кешенді ведомстводан тыс сараптама жасатуға жұмсалған 759,1 мың теңге тұрғандығы анықталды. Кешенді ведомстводан тыс сараптамасы 2018 жылдың маусым айында бекітіліп, 2021

жылдың маусым айында 3 жыл толып кеткен, алайда құрылыс жұмыстары бүгінгі күнге дейін басталмаған.

Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 16 шілдедегі «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» №242 Заңы 60 бабының 7 тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілгеннен кейін үш және одан да көп жыл ішінде құрылысы басталмаған жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасы ескірген болып есептеледі және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен түзетілгеннен, қайтадан сараптама жүргізілгеннен және қайта бекітілгеннен кейін іске асыру үшін пайдаланылады.

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілгеннен кейін үш және одан да көп жыл ішінде жобалау-сметалық құжаттамасы әзірленбеген және бекітілмеген жобалау алдындағы құжаттама ескірген болып есептеледі және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен түзетілгеннен, қайтадан сараптама жүргізілгеннен және қайта бекітілгеннен кейін іске асыру үшін пайдаланылады. Бұл ретте ЖСҚ-ны түзетуге және қайтадан сараптама жүргізуге қосымша бюджет қаражатын талап етеді.

Бұл ретте, осы жобаны жүзеге асыруға 2019-2020 жылдары бюджеттен қаржы сұратылғанымен, қаржы бөлінбеген. Облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасынан жобаны аудандық бюджет есебінен жүзеге асыру жөнінде ұсыныс берілген. Алайда, қаржы тапшылығына байланысты, аудандық бюджеттен қаржы қарастырылмаған. Алдағы 2022 жылы аталған жобаға түзету енгізіп, аудандық бюджеттен қаржы бөлу жоспарлануда.

16-тармақ. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Бюджет кодексінің 4 бабының 12) тармақшасында көзделген тиімділік принципі сақталмаған, бұл ретте 2 159,1 мың теңгені құрайтын бюджет қаржысы тиімсіз пайдаланылған.

17-тармақ. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» 397 тармағы бұзылып, 2018 жылғы 5 маусымдағы №35 келісімшартқа 2019 жылғы 15 сәуірдегі №28 қосымша келісімшартты жасау кезінде, шарттың орындалуын қамтамасыз ету мөлшерін көбейту жөнінде шарт өзгертілмей, 1 413,0 мың теңгені құрайтын шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы салынбаған.

18-тармақ. «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 5 бабы 3 тармағы 1 тармақшасы бұзылып, мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарын жасаған кезде, өзара байланысты жұмыстарды лоттарға бөліп тастаған.

19-тармақ. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы N 95-IV Бюджет Кодексі 4 бабының 12) тармақшасында көзделген тиімділік қағидаты сақталмай, «Жаңақала ауылының 1 май көшесіндегі тротуар» және «Жаңақала ауылының 1 май көшесіндегі автокөлік тұрағы» жобаларына сметалық құжаттаманы жасақтау бойынша қызметтер сатып алынған. Алайда,

күрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізу барысында олар пайдаланылмаған. Бұл ретте, 300,0 мың теңге бюджет қаржысы тиімсіз пайдаланылған.

20-тармақ. ҚР Бюджет кодексі 94 бабының 2 тармағында көзделгендей, Бөлім уәкілетті орган ретінде салықтық емес төлемдерінің жергілікті бюджетке түсуінің толықтығы және уақтылылығын қамтамасыз етпеген, сондай-ақ жасасқан шарттардың 6 тармағы 2) тармақшасы бұзылып, 15 Жалға алушы тарапынан мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақыны уақытында төлеу бойынша өз міндеттемелерін уақытында орындамаған. Нәтижесінде 2021 жылдың 1 шілдедегі жағдайға 557,4 мың теңге берешек қалыптасқан. Бүгінгі таңда 135,3 мың теңгесі жергілікті бюджетке өтелді.

«Жаңақала аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ-сі.

Аудит нәтижесінде 55 803,1 мың теңгеге бюджет және қолданыстағы басқа да заңнамалардың нормалары сақталмаған, оның ішінде: қаржылық бұзушылықтар 55 803,1 мың теңге. Рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар саны 2 бірлікті құрады.

Анықталған қаржылық бұзушылықтардың 55 803,1 мың теңгесі бюджетке өтелуге жатады. Қазіргі кезде 11 605,0 мың теңге бюджеттің кіріс бөлігіне өтелді.

21-тармақ. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 30.12.2014ж. №195 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) әзірлеу және бекіту (қайта бекіту) қағидаларын және олардың мазмұнына қойылатын талаптардың» 5 тармағы, 9 тармағының 11) және 12) тармақшаларында көзделген – 2019, 2020 және 2021 жылдарға бекітілген бюджеттік бағдарламаларда олардың іске асырылуын бағалау үшін тікелей және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізу көрсеткіштері қамтылмаған.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» 2015 жылғы 23 қарашадағы № 416-V ҚРЗ Заңының 38 бабы 1-тармағына сәйкес, қызметтік қажеттілікке байланысты мемлекеттік қызметшіге атқаратын мемлекеттік лауазымынан босатпай, осы Заңда және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде белгіленген жағдайларды қоспағанда, басқа мемлекеттік лауазымның міндеттері уақытша жүктелуі мүмкін.

Осы Заңда және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын және мемлекеттік органдардың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін адамдарға мемлекеттік қызметші атқаратын лауазымның міндеттері уақытша жүктеу қарастырылмаса да, бөлім басшысының бұйрықтарына сәйкес мемлекеттік қызметші атқаратын міндеттер техникалық қызмет көрсететін қызметкерлерге жүктелген.

22-тармақ. Қазақстан Республикасының 23.11.2015 жылғы №416-V «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңының 38 бабының 1 тармағы бұзыла отырып, орналасуы конкурстық негізде жүзеге асырылуға тиіс мемлекеттік қызметшінің лауазымдық міндеттері (мемлекеттік

қызметшілердің орны уақытша бос кезеңдерде) 2019, 2020 және 2021 жылдары бөлім басшысының бұйрықтарымен жекелеген техникалық қызмет көрсететін қызметкерлерге жүктелген.

23-тармақ. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 11.05.2018 жылғы №256 қаулысымен бекітілген «Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларының» 3 тармағының 7) тармақшасының және Жаңақала ауданы әкімдігінің 03.07.2019 жылғы №76 қаулысымен бекітілген «Жаңақала ауданының жергілікті атқарушы органдарының қызметкерлерін қызметтік, оның ішінде шет мемлекеттерге іссапарларға арналған шығыстарды өтеудің қағидаларының» 3 тармағының 2) тармақшасының талаптарын бұза отырып, 2019 жылы жекелеген қызметшілерге 39,4 мың теңгеге іссапар шығыстары артық төленген.

24-тармақ. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Бюджет кодексінің 4 бабының 9) тармақшасында көзделген негізділік принципін сақтамай, сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 16.11.2015 жылғы №354 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік театрларға, концерттік ұйымдарға, мәдени-демалыс ұйымдарына, музейлерге және цирктерге субсидиялар төлеу қағидаларының» 2 тармағының 1) тармақшасы бұзылып, 2019-2020 жылдарғы «Жаңақала аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің Жаңақала аудандық мәдени-демалыс орталығы» МКҚК-ың шығыстарын қате жоспарлау салдарынан, жалпы сомасы 1 505,7 мың теңгеге мемлекеттік субсидиялар негізсіз берілген (оның ішінде 2019ж. - 705,1 мың теңге, 2020ж. - 800,6 мың теңге).

Бөлім 2020 жылдың 14 желтоқсан күнгі №382 төлемге берілетін шотқа сәйкес, «Жаңақала аудандық мәдени-демалыс орталығы» МКҚК-ны залалдарды жабу есебін ұсынбауына қарамастан, аталған Кәсіпорынның есеп шотына 54 258,0 мың теңгені аударған.

25-тармақ. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 16.11.2015 жылғы №354 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік театрларға, концерттік ұйымдарға, мәдени-демалыс ұйымдарына, музейлерге және цирктерге субсидиялар төлеу қағидаларының» 5 тармағы бұзылып, 2020 жылдың желтоқсан айында Бөлім «Жаңақала аудандық мәдени демалыс орталығы» МКҚК-на негізсіз 54 258,0 мың теңге аударған.

«Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Жаңақала ауданының білім беру бөлімі» ММ-сі.

Аудит нәтижесінде 577 920,3 мың теңгеге бюджет және қолданыстағы басқа да заңнамалардың нормалары сақталмаған, оның ішінде: қаржылық бұзушылықтар 577 930,3 мың теңге. Рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар саны 2 бірлікті құрады.

Анықталған қаржылық бұзушылықтардың 1 502,6 мың теңгесі бюджетке өтелуге және 576 417,7 мың теңгесі есеп бойынша қалпына келтіруге жатады.

Қазіргі кезде 1 168,3 мың теңге бюджеттің кіріс бөлігіне өтелді, 576 417,7 мың теңге есеп бойынша қалпына келтірілді.

26-тармақ. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 30.12.2014ж. №195 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) әзірлеу және бекіту (қайта бекіту) қағидаларын және олардың мазмұнына қойылатын талаптардың» 5 тармағы, 9 тармағының 11) және 12) тармақшаларында көзделген – 2019, 2020 жылдарға бекітілген бюджеттік бағдарламаларда олардың іске асырылуын бағалау үшін тікелей және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізу көрсеткіштері қамтылмаған.

27-тармақ. Қазақстан Республикасы «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» 2007 жылғы 28 ақпандағы №234 Заңы 6 бабының 3 тармағының 1) тармақшасы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ҚР органдарының қызметкерлеріне сыйлық беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемеақылар белгілеу ережесін бекіту туралы» 29.08.2001 жылғы №1127 қаулысының 1-2 тармағының 1) тармақшасын бұза отырып, бөлімнің 38 қызметкеріне жалпы сомасы 857,2 мың теңге көлемінде сыйлықақыны артық төлеуге жол берілген (сыйлықақыны төлеу туралы бұйрықтарда көрсетілген сыйлықақы мөлшері, нақты төленген сомалармен сәйкес келмейді).

28-тармақ. Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ҚР органдарының қызметкерлеріне сыйлық беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемеақылар белгілеу ережесін бекіту туралы» 29.08.2001 жылғы №1127 қаулысының 4 тармағының 1) тармақшасының талабын бұза отырып, алынбаған тәртіптік жазасы бола тұра, бөлімнің 2 қызметкеріне жалпы сомасы 217,7 мың теңге көлемінде сыйлықақы төленген.

29-тармақ. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 11.05.2018 жылғы №256 қаулысымен бекітілген «Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларын бетіті туралы» 3 тармағының 2), 3) тармақшалары, 4 тармағының 2) тармақшасы және Жаңақала ауданы әкімдігінің 03.07.2019 жылғы №76 қаулысымен бекітілген «Жаңақала ауданының жергілікті атқарушы органдарының қызметкерлерін қызметтік, оның ішінде шет мемлекеттерге іссапарларға арналған шығыстарды өтеудің қағидаларының» 3 тармағының 1), 2) тармақшаларының талаптарын бұза отырып, 2019, 2020 жылдары жекелеген қызметшілерге 93,4 мың теңгеге іссапар шығыстары артық төленген.

2020 жылы Жаңақала ауданының Пятимар орта мектебінде және М.Жунусов атындағы орта мектебінде күрделі жөндеу жүргізілген. 2020 жылғы қазан айында Пятимар орта мектебінде жүргізілген жөндеу шеңберінде, мердігермен құны 17 457,6 мың теңгені құрайтын негізгі құралдар, ал тамыз айында М.Жунусов атындағы орта мектебіне құны 36 766,2 мың теңгені құрайтын негізгі құралдар табысталған. Алайда, бухгалтерлік құжаттамалар ішінде, мектеп ғимаратын күрделі жөндеуден кейінгі пайдалануға беруден түскен активтерге материалдық жауапты тұлғалар (тұрақты жұмыс істейтін комиссия) ОС-1 нысанындағы актілер толтырмаған, сәйкесінше бухгалтерлік есеп бойынша кірістелмеген.

30-тармақ. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының» 280 тармағы бұзылып, жалпы құны 54 223,8 мың теңгенің негізгі құралдары есепке алынбаған және кірістелмеген.

31-тармақ. Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» №413-IV Заңының 18 бабының 13) тармақшасы сақталмай, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларының» 271 және 272 тармақтары бұзылып, жаңғыртудан (күрделі жөндеуден) өткен Пятимар және М.Жунусов атындағы мектеп ғимараттарының құны бухгалтерлік есеп бойынша 522 193,9 мың теңгеге өсірілмеген, соның ішінде Пятимар орта мектебі - 362 396,5 мың теңге, Жунусов атындағы орта мектеп - 159 797,4 мың теңге.

Жаңақала аудандық білім беру бөлімі, жалпы сомасы 3 120,0 мың теңгеге 39 дана жылжымалы бактерицидті шамдарды сатып алу үшін «Dar-Din» ЖШС-мен 2020 жылдың 17 тамызында №207 шарт жасасқан. Бұл соманың 334,2 мың теңгесі қосымша құн салығын (әрі қарай ҚҚС) құрайды.

Аудит барысында ҚР Қаржы министрлігінің мемлекеттік кірістер комитетінің сайтындағы мәліметтер сараланып, «Dar-Din» ЖШС қосымша құн салығын төлеуші ретінде 2020 жылғы 20 қараша күні есепке қойылған, яғни шарт жасасу кезінде аталған серіктестік ҚҚС төлеушісі болып табылмаған.

32-тармақ. Осылайша, Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» №120-VI Кодексінің 367 бабы 1-бөлігінің 1 тармағын бұза отырып, аудандық білім беру бөлімі ҚҚС төлеуші ретінде тіркелмеген «Dar-Din» ЖШС-не 334,3 мың теңге сомасын негізсіз аударған.

33-тармақ. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» Заңы 6 бабы 4 тармағы 8-1) тармақшасының талабы сақталмай, Жаңақала ауданының әкімдігімен 2019 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы бекітілмеген.

«Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Жаңақала ауданының білім беру бөлімі» ММ-де өткізілген мемлекеттік аудит барысында ауданның 4 бөбекжайында үстеме тексерулер өткізілді.

«Жаңақала ауданы білім беру бөлімінің «Жаңақала балалар бөбекжайы» МКҚК-ны.

Үстеме тексеру нәтижесінде 1 635,4 мың теңгеге бюджет және қолданыстағы басқа да заңнамалардың нормалары сақталмаған, оның ішінде: қаржылық бұзушылықтар 1 635,4 мың теңге. Рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар саны 3 бірлікті құрады.

Анықталған қаржылық бұзушылықтардың 1 635,4 мың теңгесі бюджетке өтелуге жатады. Қазіргі кезде 1 142,2 мың теңге бюджеттің кіріс бөлігіне өтелді.

34-тармақ. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 қаулысымен бекітілген «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесінің» 18 қосымшасының 5 тармағы және Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» №234 Заңы 6 бабы 3 тармағының 1), 2), 3) тармақшалары сақталмай, 2019-2020 жылдар кезеңінде аудит объектісі бухгалтерлік жазбаларды бастапқы құжаттардың түпнұсқаларымен барабар бекітуді және бухгалтерлік жазбаларда барлық операциялар мен оқиғаларды көрсетуді қамтамасыз етпеген; операциялар мен оқиғаларды хронологиялық және уактылы тіркемеген; синтетикалық (қорытынды) есепті талдамалық (егжей-тегжейлі) есепке сәйкес келтірілмеген, Басты-Журнал кітабы жүргізілмеген, жылдық қаржылық есептілік жасалмаған, бухгалтерлік есеп пен есептілікті жүргізуді реттейтін кәсіпорынның есеп саясаты бекітілмеген. Нәтижесінде кәсіпорын қызметкерлеріне жалпы сомасы 1 308,7 мың теңгені құрайтын алдын-ала төлемдерді, сондай-ақ басқа да төлемдерді негізсіз төлеген.

35-тармақ. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы №256 қаулысымен бекітілген «Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларының» 3 тармағының 3) тармақшасы бұзылып, 2019 жылы бөбекжай менгерушісіне 176,7 мың теңгеге іссапар шығыстары артық төленген.

36-тармақ. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» 380 тармағын бұзылып, тапсырыс беруші тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен жасасқан келісімшарттың мемлекеттік сатып алу туралы есептілікті, веб-порталда шарт жасалған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктіріп орналастырған.

37-тармақ. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы 43-бабының 22-тармағының талаптары бұзылып, 2020 жылғы 29 мамырдағы №19 және №20 мемлекеттік сатып алу туралы шарттарда жұмыстарды орындау мерзімі күнтізбелік он бес күннен кем көрсетілген.

38-тармақ. Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы №268-ХІІІ Азаматтық кодексінің 298 бабы, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы 43 бабының 24 тармағы бұзылып, сондай-ақ 2020 жылғы 29 мамырдағы №19 келісімшарттардың 8.3 тармағы сақталмай, «Glass servis» ЖШС-нен 118,5 мың теңге өсімпұл өндірілмеген.

39-тармақ. Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы №268-ХІІІ Азаматтық кодексінің 298 бабы, «Мемлекеттік сатып алу туралы»

Заңы 43 бабының 24 тармағы бұзылып, сондай-ақ 2020 жылғы 29 мамырдағы №20 келісімшарттардың 8.3 тармағы сақталмай, «Glass servis» ЖШС-нен 31,5 мың теңге өсімпұл өндірілмеген.

40-тармақ. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12 бабы 4 тармағы бұзылып, тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алу туралы шартта көзделген міндеттемелерді уақытында орындамағаны үшін «Glass servis» ЖШС-ін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талаппен сотқа жүгінбеген.

«Жеткіншек» бөбекжайы» МКҚК-ны.

Үстеме тексеру нәтижесінде 122,7 мың теңгеге бюджет және қолданыстағы басқа да заңнамалардың нормалары сақталмаған, оның ішінде: қаржылық бұзушылықтар 122,7 мың теңге. Анықталған қаржылық бұзушылықтардың 122,7 мың теңгесі өтелуге жатады.

41-тармақ. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» №234 Заңының 6-бабы 3-тармағының 1) 2) 3)-тармақшалары бұзылып, 2019-2020 жылдар кезеңінде аудит объектісі бухгалтерлік жазбаларды бастапқы құжаттардың түпнұсқаларымен барабар нығайтуды және бухгалтерлік жазбаларда барлық операциялар мен оқиғаларды көрсетуді; операциялар мен оқиғаларды хронологиялық және уақтылы тіркеуді; синтетикалық (қорытынды) есепке алуды Талдамалық (егжей-тегжейлі) есепке алуға сәйкес келтіруді қамтамасыз етпеген, соның нәтижесінде кәсіпорын қызметкерлеріне жалпы сомасы 122,7 мың теңгені құрайтын аванстық төлемдерді, сондай-ақ басқа да төлемдер негізсіз төленген.

«Алтын сақа» бөбекжайы» МКҚК-ны.

Үстеме тексеру нәтижесінде 108,2 мың теңгеге бюджет және қолданыстағы басқа да заңнамалардың нормалары сақталмаған, оның ішінде: қаржылық бұзушылықтар 108,2 мың теңге. Анықталған қаржылық бұзушылықтардың 108,2 мың теңгесі өтелуге жатады. Қазіргі кезде 108,2 мың теңге өтелді.

42-тармақ. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 11.05.2018 жылғы №256 қаулысымен бекітілген «Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларының» 3 тармағының 1), 3) тармақшаларының және Жанақала ауданы әкімдігінің 03.07.2019 жылғы №76 қаулысымен бекітілген «Жанақала ауданының жергілікті атқарушы органдарының қызметкерлерін қызметтік, оның ішінде шет мемлекеттерге іссапарларға арналған шығыстарды өтеудің қағидаларының» 3 тармағының 1), 3) тармақшаларының талаптарын бұзатырып, 2019, 2020 жылдары жекелеген қызметшілерге 108,2 мың теңгеге іссапар шығыстары артық төленген.

«Көпжасар» бөбекжайы» МКҚК-ны.

Үстеме тексеру нәтижесінде 286,6 мың теңгеге бюджет және қолданыстағы басқа да заңнамалардың нормалары сақталмаған, оның ішінде: қаржылық бұзушылықтар 286,6 мың теңге. Анықталған қаржылық бұзушылықтардың 286,6 мың теңгесі өтелуге жатады. Қазіргі кезде 286,6 мың теңге өтелді.

43-тармақ. Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 23 қарашадағы №414-V Еңбек кодексі 103 бабының 1 тармағын бұза отырып, 2019 жылғы сәуір айында бөбекжай есепшісіне жұмыс істемеген кезеңі үшін 50,0 мың теңге аударылған.

44-тармақ. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» №234 Заңының 6-бабы 3-тармағының 1)-тармақшасы бұзылып, есеп айырысу-төлем ведомостарына сәйкес аударуға жататын сомаларды нақты аудару бойынша операциялар бухгалтерлік жазбаларды бастапқы құжаттардың түпнұсқаларымен бекітусіз көрсетілген, нәтижесінде жалпы сомасы 40,0 мың теңге негізсіз аударылған (бөбекжай менгерушісіне 30,0 мың теңге, есепшіне 10,0 мың теңге).

45-тармақ. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы №596 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын есепке алғандағы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру қағидаларының» 2 тармағының 1), 2), 4) тармақшалары бұзылып - мемлекеттік білім беру тапсырысы қаражаты есебінен 141,2 мың теңгеге бөбекжай балаларына азық-түліктер сатып алынған.

46-тармақ. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 11.05.2018 жылғы №256 қаулысымен бекітілген «Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларының» 3 тармағының 3) тармақшаласы және Жаңақала ауданы әкімдігінің 03.07.2019 жылғы №76 қаулысымен бекітілген «Жаңақала ауданының жергілікті атқарушы органдарының қызметкерлерін қызметтік, оның ішінде шет мемлекеттерге іссапарларға арналған шығыстарды өтеудің қағидаларының» 3 тармағының 3) тармақшаларының талаптарын бұза отырып, 2019 жылы жекелеген қызметшілерге 55,4 мың теңгеге іссапар шығыстары артық төленген.

2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе):

Өңірдің әлеуметтік - экономикалық дамуының экономикалық өсуінің маңызды өлшемдері оның теңгерімділігі, тұрақтылығы, орнықтылығы және тиімділігі болып табылады, бұл аудан экономикасының әрбір келесі кезеңде қолда бар ресурстарды ұтымды пайдалану және халықтың өмір сүру деңгейін арттыру кезінде өзінің жұмыс істеуі мен дамуының неғұрлым жоғары және

сапалы жаңа деңгейіне ету мүмкіндігін қамтамасыз етуге әсер етеді. Жыл сайын аудан бюджетінің әлеуметтік бағдарлануының артуы мемлекеттік бағдарламалар, сондай-ақ аумақты дамыту бағдарламасы аясында түрлі жобаларды іске асыруға мүмкіндік берді. Сонымен қатар өңірді тұрақты үдемелі дамыту міндетін шешу, бөлінген қаржы ресурстарын ұтымды және тиімді пайдалануды қамтамасыз ету аудиттелген мемлекеттік органдардың басты мақсаты. Бұл өз кезегінде ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына оң әсерін тигізеді.

III. Қорытынды бөлік.

3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар:

Мемлекеттік аудит барысында сондай-ақ БҚО бойынша тексеру комиссиясының отырысына дейін қабылданған шаралар:

1. «Жаңақала аудандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» ММ-сі.

1. Бөлімнің бас маманы негізсіз алған 48,0 мың теңге сыйлықақыны аудандық бюджеттің кіріс бөлігіне өтеді;

2. Бухгалтерлік есеп бойынша бухгалтерлік анықтама негізінде 34 381,8 мың теңге қалпына келтірілді;

3. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңының 5-бабы 2 тармағына сәйкес, 2021 жылғы 25 қазандағы №8-10/912 шығыс хатымен «БҚО бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментіне» аудит объектісінің лауазымды тұлғаларының тиісті әкімшілік жауапкершіліктерін қарастыру үшін материалдар жолданды. БҚО бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінің 2021 жылғы 29 қазандағы №07-1-1/4363 шығыс хатына сәйкес, есепшісі Л.Атеноваға «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодекстің 238 бабы 1 тармағының 2) тармақшасына сәйкес хаттама толтырылып, қысқартылған іс жүргізудің негіздерін басшылыққа алып, барлығы 72,9 мың теңге, ал бөлім басшысы А.Тулешовке «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодекстің 207-бабы, 10-тармағы 3) тармақшасына сәйкес хаттама толтырылып, қысқартылған іс жүргізудің негізін басшылыққа алып, барлығы 43,7 мың теңге айыппұл салынды.

2. «Жаңақала аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ-сі.

1. Бөлім қызметкерлеріне еңбек ақыны кәте есептеу салдарынан артық аударылған 193,9 мың теңге аудандық бюджеттің кіріс бөлігіне өтелді;

2. Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді пайдаланғаны үшін қалыптасқан берешектің 135,3 мың теңге көлеміндегі бөлігі аудандық бюджеттің кіріс бөлігіне өтелді;

3. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңының 5-бабы 2 тармағына сәйкес, 2021 жылғы 28 қазандағы №8-10/945 шығыс хатымен, мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйлерді пайдаланғаны үшін төлмақыны уақытылы немесе толық өтемегені үшін жекелеген азаматтардың тиісті әкімшілік жауапкершіліктерін қарастыру үшін

«Жаңақала ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасына» материалдар жолданды.

3. «Жаңақала аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ-сі.

1. Бөлім қызметкерлеріне іссапар шығыстары қате есептеу салдарынан артық аударылған 39,4 мың теңге аудандық бюджеттің кіріс бөлігіне өтелді;

2. «Жаңақала аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің Жаңақала аудандық мәдени-демалыс орталығы» МКҚК-ың шығыстарын қате жоспарлау салдарынан артық төленген 11 565,6 мың теңге мемлекеттік субсидиялар аудандық бюджеттің кіріс бөлігіне өтелді.

4. «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Жаңақала ауданының білім беру бөлімі» ММ-сі.

1. Бөлім жекелеген қызметкерлеріне іссапар шығыстары қате есептеу салдарынан артық аударылған 93,4 мың теңге аудандық бюджеттің кіріс бөлігіне өтелді;

2. Бөлімнің қызметкеріне жалпы сомасы 1 074,9 мың теңге көлемінде артық төленген сыйлықалар аудандық бюджеттің кіріс бөлігіне өтелді;

3. Бухгалтерлік есеп бойынша бухгалтерлік анықтама негізінде 576 417,7 мың теңге қалпына келтірілді;

4. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңының 5-бабы 2 тармағына сәйкес, 2021 жылғы 25 қазандағы №8-10/912 шығыс хатымен «БҚО бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментіне» аудит объектісінің лауазымды тұлғаларының тиісті әкімшілік жауапкершіліктерін қарастыру үшін материалдар жолданды.

БҚО бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінің 2021 жылғы 22 қарашадағы №07-1-1/4547 шығыс хатына сәйкес, есепшілер А.Габдраховаға және Г.Сағыноваға «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодекстің 238 бабы 1 тармағының 2) тармақшасына сәйкес хаттама толтырылып, қысқартылған іс жүргізудің негіздерін басшылыққа алып, барлығы 145,8 мың теңге айыппұл салынды.

5. «Жаңақала ауданы білім беру бөлімінің «Жаңақала балалар бөбекжайы» МКҚК-ны.

1. Бөбекжайдың жекелеген қызметкерлеріне 1 142,2 мың теңгені құрайтын негізсіз төленген алдын-ала төлемдер, сондай-ақ басқа да төлемдер аудандық бюджеттің кіріс бөлігіне өтелді;

2. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңының 5-бабы 2 тармағына сәйкес, 2021 жылғы 25 қазандағы №8-10/912 шығыс хатымен «БҚО бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментіне» аудит объектісінің лауазымды тұлғаларының тиісті әкімшілік жауапкершіліктерін қарастыру үшін материалдар жолданды.

БҚО бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінің 2021 жылғы 22 қарашадағы №07-1-1/4547 шығыс хатына сәйкес, бұрынғы есепшісі К.Мулдашеваға «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодекстің 238 бабы 1

тармағының 2) тармақшасына сәйкес хаттама толтырылып, қысқартылған іс жүргізудің негіздерін басшылыққа алып, 72,9 мың теңге, ал бөбекжайдың бұрынғы меңгерушісі Б.Есенғалиеваға «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодекстің 207-бабы, 10-тармағы 3) тармақшасына сәйкес хаттама толтырылып, қысқартылған іс жүргізудің негізін басшылыққа алып, 43,7 мың теңге айыппұл салынды.

3. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңының 5-бабы 2 тармағына сәйкес, 2021 жылғы 29 қазандағы №8-10/952 шығыс хатымен «ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) БҚО бойынша департаментіне» процессуалдық шешім қабылдау үшін материалдар жолданды.

6. «Алтын сақа» бөбекжайы» МКҚК-ны.

1. Бөбекжайдың жекелеген қызметкерлеріне іссапар шығыстары қате есептеу салдарынан артық аударылған 108,2 мың теңге аудандық бюджеттің кіріс бөлігіне өтелді.

7. «Көпжасар» бөбекжайы» МКҚК-ны.

1. Бөбекжайдың бұрынғы есепшісіне жұмыс істемеген кезеңі үшін аударылған 50,0 мың теңге аудандық бюджеттің кіріс бөлігіне өтелді;

2. Артық аударылған бөбекжайдың меңгерушісіне 30,0 мың теңге және бұрынғы есепшіне артық аударылған 10,0 мың теңге аудандық бюджеттің кіріс бөлігіне өтелді;

3. Мемлекеттік білім беру тапсырысы қаражаты есебінен бөбекжай балаларына азық-түліктер сатып алуға жұмсалған 141,2 мың теңге аудандық бюджеттің кіріс бөлігіне өтелді;

4. Бөбекжайдың жекелеген қызметкерлеріне іссапар шығыстары қате есептеу салдарынан артық аударылған 55,4 мың теңге аудандық бюджеттің кіріс бөлігіне өтелді.

3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар:

«Жаңақала аудандық экономика және қаржы бөлімі» ММ-і:

Аудит барысында келесі сиппатағы бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталды: ауданның мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органы Жаңақала ауданының АДБ іске асыру туралы 2019 жылғы есепті аудан әкімдігінің ресми интернет-ресурсында мерзімін бұза отырып орналастырған; Жаңақала ауданының 2020 жылғы АДБ іске асырылуы туралы есебі талдамалық жазбахатсыз аудан әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылған; Жаңақала ауданының 2019 жылғы, сондай-ақ 2020 жылғы АДБ іске асырылуы туралы есебі ауданның мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның бірінші басшысының және Жаңақала ауданы әкімінің қол қоюынсыз аудан әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылған; 2019 жылғы және 2020 жылғы есептердегі «Жауапты орындаушылар» деген бағанда аумақты дамыту бағдарламасының мақсаттарына, нысаналы индикаторлары мен жоспарланған іс-шараларына қол жеткізуге жауапты Жаңақала ауданы әкімінің орынбасарлары деңгейіндегі

лауазымды тұлғалар қосымша көрсетілмеген; Жаңақала ауданының дамуын көрсететін аумақты дамыту бағдарламасының мақсаттарына қол жеткізу үшін аумақты дамыту бағдарламасын бірлесіп орындаушы ретінде АДБ-ны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында Жаңақала ауданының ауылдық округтер әкімдерінің жауапкершілігі бекітілмеген; жекелеген мемлекеттік органдар - бірлесіп орындаушылар 2019 және 2020 жылдың қорытындысы бойынша АДБ-ны іске асыру туралы ресми акпаратты «Жаңақала аудандық экономика және қаржы бөлімі» ММ-не (ауданның мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органына) кешіктіріп ұсынған; «Жаңақала аудандық экономика және қаржы бөлімі» ММ-сі 2019 жылы мониторинг нәтижелерінің анықтығы мен толықтығын, ал жекелеген мемлекеттік органдар - бірлесіп орындаушылар АДБ-ны 2019 жылғы іске асыру туралы ресми акпараттың анықтығын (шынайлығын) қамтамасыз етпеген; Жаңақала ауданының әкімдігімен Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің нәтижелілік және тиімділік қағидаттары сақталмаған.

Жоғарыда орын алған фактілер жергілікті атқарушы орган тарапынан аумақты дамыту бағдарламасын іске асыру мәселесіне тиісті көңіл бөлмейтінін, оның ішінде жекелеген мемлекеттік органдардың АДБ-ны іске асыруға формалдық қатынасының салдарынан болып отыр. Сондай-ақ аудит объектісі тарапынан АДБ-ның іске асырылу барысы туралы есептерге және басқа да нақты орындалуын растайтын акпаратқа талдауды тиісті деңгейде жүзеге асырмағанын көрсетеді. Осы және басқада факторлар аудиторлық есепте көрсетілген рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар мен кемшіліктерге жол беруге себеп болды.

Жаңақала ауданының Аумақты дамыту бағдарламасының 2019-2020 жылдары іске асырылуын бағалауы «Тиімділік» және «Нәтижелілік» базалық, «Аумақты дамыту Бағдарламасының нысаналы индикаторларына қол жеткізу үшін пайдаланылған ресурстарды ескере отырып, оларға қол жеткізудің арақатынасы» және «Аумақты дамыту бағдарламасының нысаналы индикаторларының орындалу деңгейі, сондай-ақ жоспарлы және нақты нәтижелерінің арақатынасы» арнайы көрсеткіштеріне сәйкес жүргізілді.

Аумақты дамыту бағдарламасының 2019 жылы іске асырылу нәтижелері келесі мәндерді көрсетті: бағдарламаны іске асыру тиімділігі - 55,5% құрады (орындалған нысаналы индикаторлар 55,5%/пайдаланылған қаржы 99,9%*100); Нәтижелілік - 55,5% құрады (нақты орындалған нысаналы индикаторлар саны 15 болды/орындалуы жоспарланған нысаналы индикаторлар саны 27*100). Пайдаланылған қаржы 99,9% құрады (нақты пайдаланылған қаржы 718700,0/жоспарланған қаржы 719200,0*100).

Аумақты дамыту бағдарламасының 2020 жылы іске асырылу нәтижелері келесі мәндерді көрсетті: бағдарламаны іске асыру тиімділігі - 69,0% құрады (орындалған нысаналы индикаторлар 66,7%/пайдаланылған қаржы 96,6%*100); Нәтижелілік 66,7% құрады (нақты орындалған нысаналы индикаторлар саны 18/ орындалуы жоспарланған нысаналы индикаторлар саны 27*100). Пайдаланылған қаржы 96,6% құрады (нақты пайдаланылған қаржы 2194700,0/жоспарланған қаржы 2272000,0*100).

Барлық анықталған қорытынды көрсеткіштер мәні 70% - кем болып отыр, осылайша Жаңақала ауданының дамыту Бағдарламасының тиімділігі мен нәтижелілігі 2019 жылы және 2020 жылы қанағаттанарлық емес деңгейде жүзеге асырылған деген баға беруге болады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы №790 қаулысымен Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесі бекітілді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 26 ақпандағы №99 қаулысымен мемлекеттік жоспарлау жүйесіне өзгеріс енгізіліп, ол жаңа редакцияда жазылды. Осы өзгерістерге сәйкес, мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына мыналар жатады (иерархиялық маңыздылығы ретімен): Қазақстанның 2050 жылға дейінгі даму стратегиясы; Жалпыұлттық басымдықтар; Қазақстан Республикасының Ұлттық даму жоспары, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік стратегиясы; Елдің аумақтық даму жоспары; саланы/аяны дамыту тұжырымдамасы, ұлттық жобалар; мемлекеттік органдардың, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің және ұлттық компаниялардың даму жоспарлары. Осылайша, қазіргі кезде ауданды (облыстық маңызы бар қаланы) дамыту бағдарламасы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаты болып саналмайды.

«Жаңақала аудандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» ММ-і, «Жаңақала аудандық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ-і, «Жаңақала аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ-і, «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Жаңақала ауданының білім беру бөлімі» ММ-і төмендегі базалық және арнайы көрсеткіштер бойынша бағаланды: «Тиімділік» – жоспарланған және алынған нәтижелердің оларға қол жеткізу үшін пайдаланылған ресурстар ескерілгендегі арақатынасы, арнайы көрсеткіш: бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалау. «Нәтижелілік» – әрбір қызмет бойынша белгіленген міндеттердің іске асырылу деңгейі және тиісті қызметтің жоспарлы (тікелей, түпкілікті) және нақты нәтижелерінің арақатынасы, арнайы көрсеткіш: Аумақты дамыту бағдарламасының нысаналы индикаторларының орындалу деңгейі, сондай-ақ жоспарлы және нақты нәтижелерінің арақатынасы (Нәтижелілік келесі формуламен есептеледі: $\text{Нәтижелілік} = \frac{\text{нақты орындалған нысаналы индикаторлар саны}}{\text{орындалуы жоспарланған нысаналы индикаторлар саны}} * 100$). «Мәнділік» – мемлекеттік аудит объектісі қаржылық және шаруашылық операцияларын жасауы кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларының, сондай-ақ ең жоғары жол берілетін мөлшері мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігіне және көрсеткіштер санатына қарай Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамасына сәйкес айқындалатын, қабылданатын шешімдерге ықпал ететін өзге де қателер (қаржыландыру жоспары бойынша бөлінген жалпы сомасы көлемінен анықталған бұзушылықтар сомасының пайызы, 5%-дан астамы мәнді деп танылады).

«Жаңақала аудандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» ММ-і:

Жаңақала ауданының Аумақты дамыту бағдарламасында көзделген нысаналы индикатордың іске асыру туралы ресми ақпараттың анықтығын (шынайлығын) қамтамасыз етпегендігі; мемлекеттік қызметшінің алынбаған тәртіптік жазасы бола тұра сыйақының берілгендігі; жобалау-сметалық құжаттаманың мерзімі үш жылдан асып кету салдарынан, қаржының тиімсіз пайдаланылуы; жасалған бюджет шығыстары басқа шотқа жазылу салдарынан қаржылық есептіліктің бұрмалануы; мемлекеттік сатып алу барысында бұзушылықтардың орын алуы, бюджет қаражатын пайдалану барысында аудит объектісі тарапынан Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама талаптарының бұзылуына жол берілгендігін көрсетеді. Осы факторлар әртүрлі қаржылық және рәсімдік бұзушылықтардың орын алуына себеп болған.

Бұл ретте, аудит бағдарламасының «Тиімділік» базалық көрсеткіші және «Бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалау» арнайы көрсеткіші бойынша: Бөлім өз қызметін Ережесінде көзделген міндеттермен функцияларға сәйкес жүзеге асырып келеді. Тұтастай алғанда, жоспарланған нәтижелерге қол жеткізілген. Жалпы, аудит кезеңінде Жаңақала аудандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі өзіне жүктелген міндеттер мен функцияларды орындау бөлігінде мемлекеттік органның қызметі тиімді екендігін көрсетеді.

Аудит бағдарламасының «Нәтижелілік» базалық көрсеткіші бойынша: «Аумақты дамыту бағдарламасының нысаналы индикаторларының орындалу деңгейі, сондай-ақ жоспарлы және нақты нәтижелерінің арақатынасы» арнайы көрсеткіші бойынша: Жаңақала ауданының Аумақты дамыту бағдарламасында 2019 жылы «Инфрақұрылым» бағыты бойынша 3 нысаналы индикатор қарастырылып, 2 орындалған. Жаңақала ауданының Аумақты дамыту бағдарламасында 2020 жылы «Инфрақұрылым» бағыты бойынша 3 нысаналы индикатор қарастырылып, 1 орындалған. Жалпы алғанда, 2019-2020 жылдары 6 нысаналы индикатор қарастырылып, оның 3 орындалған. $\text{Нәтижелілік} = 3 / 6 \times 100 = 50\%$. Бұл ретте, аудит кезеңіндегі Бөлім қызметін нәтижелілігі тиісті деңгейде емес деп баға беруге болады. «Мәнділік» базалық көрсеткіші бойынша: Аудит барысында жекелеген заңнама талаптары бұзылғандығы анықталды, атап айтқанда ҚР Бюджет кодексінің және Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2019 жылғы 10 маусымдағы №388қбп Қаулысы сақталмаған. Бұл ретте, анықталған қаржылық бұзушылықтардың жалпы сомасы 34 514,8 мың теңгені құрап, аудиттелген 1 783 924,0 мың теңгенін 2,0% құрады. Анықталған бұзушылықтар сомасы мәнді болып табылмайды және Бөлім қызметіне айтарлықтай әсерін тигізбеді.

Жоғарыда аталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді ескере отырып, Жаңақала аудандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімінің аудит кезеңіндегі қызметінің тиімділігі орташа деңгейде екендігін көрсетеді.

«Жаңақала аудандық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ-і:

Бөлім қызметкерлеріне еңбек ақы мөлшерін қате есептегендігі; жобалау-сметалық құжаттаманың мерзімі 3 жылдан асып кету салдарынан, қаржының тиімсіз пайдаланылуы; мемлекеттік сатып алу барысында бұзушылықтардың орын алуы; Салықтық емес төлемдерінің жергілікті бюджетке түсуінің толықтығы және уақытылығын қамтамасыз етпеуі бюджет қаражатын пайдалану барысында аудит объектісі тарапынан Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама талаптарының бұзылуына жол берілгендігін көрсетеді.

Осы факторлар әртүрлі қаржылық және рәсімдік бұзушылықтардың орын алуына себеп болған.

Бұл ретте, аудит бағдарламасының «Тиімділік» базалық көрсеткіші және «Бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалау» арнайы көрсеткіші бойынша: Бөлім өз қызметін Ережесінде көзделген міндеттермен функцияларға сәйкес жүзеге асырып келеді. Тұтастай алғанда, жоспарланған нәтижелерге қол жеткізілген. Жалпы, аудит кезеңінде Жаңақала аудандық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі өзіне жүктелген міндеттер мен функцияларды орындау бөлігінде мемлекеттік органның қызметі тиімді екендігін көрсетеді. Аудит бағдарламасының «Нәтижелілік» базалық көрсеткіші бойынша: «Аумақты дамыту бағдарламасының нысаналы индикаторларының орындалу деңгейі, сондай-ақ жоспарлы және нақты нәтижелерінің арақатынасы» арнайы көрсеткіші бойынша: Жаңақала ауданының Аумақты дамыту бағдарламасында 2019 жылы «Инфрақұрылым» бағыты бойынша 2 нысаналы индикатор қарастырылып, 2 орындалған, «Экология» бағыты бойынша 3 нысаналы индикатор қарастырылып, 2 орындалған, 1 орындалмаған. Жаңақала ауданының Аумақты дамыту бағдарламасында 2020 жылы «Инфрақұрылым» бағыты бойынша 2 нысаналы индикатор қарастырылып, 2 орындалған, «Экология» бағыты бойынша 3 нысаналы индикатор қарастырылып, 2 орындалған, 1 орындалмаған. Жалпы алғанда, 2019-2020 жылдары 10 нысаналы индикатор қарастырылып, оның 8 орындалған. Нәтижелілік = $8 / 10 \times 100 = 80\%$. Бұл ретте, аудит кезеңіндегі Бөлім қызметін нәтижелі деп баға беруге болады. «Мәнділік» көрсеткіші бойынша: Анықталған қаржылық бұзушылықтардың жалпы сомасы 751,3 мың теңгені құрап, аудиттелген 490 877,0 мың теңгенін 0,1% құрады. Анықталған бұзушылықтар сомасы мәнді болып табылмайды және Бөлім қызметіне айтарлықтай әсерін тигізбеді.

Жоғарыда аталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді ескере отырып, Жаңақала аудандық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің аудит кезеңіндегі қызметінің тиімділігі тиісті деңгейде екендігін көрсетеді.

«Жаңақала аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ-і:

Бекітілген бюджеттік бағдарламаларда олардың іске асырылуын бағалау үшін тікелей және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізу көрсеткіштері қамтылмағандығы; орналасуы конкурстық негізде жүзеге асырылуға тиіс мемлекеттік қызметшінің лауазымдық міндеттері, бөлім басшысының бұйрықтарымен жекелеген техникалық қызмет көрсететін қызметкерлерге

жүктелгендігі; бөлімнің жекелеген қызметшілеріне іссапар шығыстары артық төленгендігі; бағынысты кәсіпорынның шығыстарын қате жоспарлау салдарынан, мемлекеттік субсидиялардың артық және негізсіз берілгендігі, бюджет қаражатын пайдалану барысында аудит объектісі тарапынан Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама талаптарының бұзылуына жол берілгендігін көрсетеді. Осы факторлар әртүрлі қаржылық және рәсімдік бұзушылықтардың орын алуына себеп болған.

Бұл ретте, аудит бағдарламасының «Тиімділік» базалық көрсеткіші және «Бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалау» арнайы көрсеткіші бойынша: Бекітілген бюджеттік бағдарламалардың негізгі мақсаты бюджеттік бағдарламалар бойынша бөлінген бюджет қаражатын мақсатты пайдалану болып табылады. Жүргізілген аудит қорытындысы бөлінген бюджет қаражаты толық игерілгенін көрсетті. Тұтастай алғанда, бюджет қаражатының жұмсалған шығыстары аудит объектісінің бекітілген Ережесіне сәйкес мақсаттарға, міндеттерге, функциялар мен өкілеттіктерге сәйкес келеді. Алайда, бекітілген бюджеттік бағдарламаларда тікелей және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізу көрсеткіштерінің болмауына байланысты, тиімділік көрсеткіштері – тікелей және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізуді айқындау мүмкін болмады. Аудит бағдарламасының «Нәтижелілік» базалық көрсеткіші бойынша: «Аумақты дамыту бағдарламасының нысаналы индикаторларының орындалу деңгейі, сондай-ақ жоспарлы және нақты нәтижелерінің арақатынасы» арнайы көрсеткіші бойынша: 2019 жылы аумақты дамыту бағдарламасында көзделген 2 нысаналы индикатордың 1 (біреуі) орындалған жоқ «Халықты 1 000 адамға арналған спорттық инфрақұрылыммен қамтамасыз ету»; осыған ұқсас 2020 жылы аумақты дамыту бағдарламасында көзделген 2 нысаналы индикатордан 1 (біреуі) орындалмаған «Халықты 1 000 адамға арналған спорттық инфрақұрылыммен қамтамасыз ету». Индикаторға қол жеткізбеудің себебі жоспарлы көрсеткіштердің артуы болды, онда жаңа алаңдарды пайдалануға беру көзделді, алайда карантиндік шаралардың енгізілуіне және қаржыландыру сомаларының болмауына байланысты құрылыс объектісі аяқталмаған. Нәтижелілік 50% құрады ($1/2 \times 100$).

«Мәнділік» көрсеткіші бойынша: Аудиторлық іс - шарамен қамтылатын қаражат және (немесе) активтер көлемі 432 090,9 мың теңгені құрады, оның ішінде (2019 жылы - 147 299,0 мың теңге, 2020 жылы – 228 661,0 мың теңге, 2021 жылы (қаңтар – маусым) - 56 130,9 мың теңге). Маңыздылық көрсеткіші 12,9% құрады (аудитпен қамтылғандардың жалпы сома 432 090,9 мың теңге, анықталған қаржылық бұзушылықтардың сомасы – 55 803,1 мың теңге ($55\,803,1 / 432\,090,9$) 5% - дан астамды құрайды және елеулі болып табылады.

«Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Жаңақала ауданының білім беру бөлімі» ММ-і:

Бекітілген бюджеттік бағдарламаларда олардың іске асырылуын бағалау үшін тікелей және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізу көрсеткіштері қамтылмағандығы; сыйлықақыны төлеу туралы бұйрықтарда көрсетілген

сыйлықақы мөлшері, нақты төленген сомалармен сәйкес келмейуы, сондай-ақ алынбаған тәртіптік жазасы бола тұра сыйлықақыны төлеуге жол берілгендігі; жекелеген қызметшілерге іссапар шығыстары артық төленгендігі; мектеп ғимаратын күрделі жөндеуден кейінгі пайдалануға беруден түскен активтерге материалдық жауапты тұлғалар (тұрақты жұмыс істейтін комиссия) ОС-1 нысанындағы актілер толтырылмай, сәйкесінше бухгалтерлік есеп бойынша кірістелмегендігі; күрделі жөндеуден өткен мектеп ғимараттарының құны бухгалтерлік есеп бойынша өсірілмегендігі; қосымша құн салығы төлеушісі ретінде тіркелмеген серіктестікке қосымша құн салығы ретінде бюджет қаржысын негізсіз аударғандығы; Жаңақала ауданының әкімдігімен 2019 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы бекітілмегендігі, сондай-ақ мемлекеттік мекемеге бағынысты жекелеген бөбекжайларда өткізілген үстеме тексеру нәтижесінде қаржылық және рәсімдік сипаттағы бұзушылықтардың анықталуы бюджет қаражатын пайдалану барысында аудит объектісі тарапынан Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама талаптарының бұзылуына жол берілгендігін көрсетеді. Осы факторлар әртүрлі қаржылық және рәсімдік бұзушылықтардың орын алуына себеп болған. Бұл ретте, аудит бағдарламасының «Тиімділік» базалық көрсеткіші және «Бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалау» арнайы көрсеткіші бойынша: бекітілген бюджеттік бағдарламалардың негізгі мақсаты бюджеттік бағдарламалар бойынша бөлінген бюджет қаражатын мақсатты пайдалану болып табылады. Жүргізілген аудит қорытындысы бөлінген бюджет қаражаты толық игерілгенін көрсетті. Тұтастай алғанда, бюджет қаражатының жұмсалған шығыстары аудит объектісінің бекітілген Ережесіне сәйкес мақсаттарға, міндеттерге, функциялар мен өкілеттіктерге сәйкес келеді. Алайда, бекітілген бюджеттік бағдарламаларда тікелей және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізу көрсеткіштерінің болмауына байланысты, тиімділік көрсеткіштері – тікелей және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізуді айқындау мүмкін болмады. Аудит бағдарламасының «Нәтижелілік» базалық көрсеткіші бойынша: «Аумақты дамыту бағдарламасының нысаналы индикаторларының орындалу деңгейі, сондай-ақ жоспарлы және нақты нәтижелерінің арақатынасы» арнайы көрсеткіші бойынша: Жаңақала ауданының Аумақты дамыту бағдарламасында 2019 жылы 2 нысаналы индикатор қарастырылып, 2 орындалған, 2020 жылы да 2 нысаналы индикатор қарастырылып, 2 орындалған. Нәтижелілік 100% құрады. «Мәнділік» көрсеткіші бойынша: Анықталған қаржылық бұзушылықтардың жалпы сомасы 577 929,4 мың теңгені құрап, аудиттелген 6 177 177,0 мың теңгенін 9,3% құрады. Анықталған бұзушылықтар сомасы мәнді болып табылады.

3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар:

1. Батыс Қазақстан облысы бойынша Тексеру комиссиясының отырысында «Жаңақала аудандық экономика және қаржы бөлімі» ММ-де, «Жаңақала аудандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» ММ-де, «Жаңақала аудандық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ-де, «Жаңақала аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ-де, «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Жаңақала ауданының білім беру бөлімі»

ММ-де, сондай-ақ «Жаңақала ауданы білім беру бөлімінің «Жаңақала балалар бөбекжайы» МКҚК-да, «Жеткіншек балалар бөбекжайы» МКҚК-да, «Алтын сақа балалар бөбекжайы» МКҚК-да және «Көпжасар балалар бөбекжайы» МКҚК-да жүргізілген аудиторлық іс-шараның қорытындыларын қарауды ұсынамын;

2. Мемлекеттік аудит объектілері тарапынан аудит барысында және тексеру комиссиясы отырысына дейін 610 799,5 мың теңгенің есеп бойынша қалпына келтірілгендігі және 14 687,5 мың теңгенін мемлекеттік бюджеттің кіріс бөлігіне өтелгендігі ескерілсін.

3.4. Қосымша: мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі 4 парақта, аудит объектілері қалпына келтірген және өтеген қаражат жөніндегі ақпарат 1 парақта.

Батыс Қазақстан облысы бойынша
Тексеру комиссиясының мүшесі



К. Алпысбаев

№3 мемлекеттік аудит бөлімінің
басшысы-мемлекеттік аудиторы



Е. Гумаров

Сапаны бақылау және құқықтық
қамтамасыз ету бөлімінің басшысы



Ж. Кадыров